

«Шыңар» балабақшасы» мекемесі

Педагогикалық әдеп қағидалары жөніндегі кеңес хаттамасы №_1

Күні: 10.09.2025 ж.

Төрағасы: Тоқмаханова Ж

Хатшысы: Сарсенбаева Г

Қатысқандар: Балабақшаның барлық педагогтары мен қызметкерлері -9 адам).

Күн тәртібі:

1. «Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы» нормативтік-құқықтық актілермен және бұйрықпен таныстыру.

2. Балабақша ішіндегі Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің (комиссияның) құрамын сайлау және оның ережесін бекіту.

3. Педагогтардың құқықтары мен міндеттері, балабақшадағы еңбек тәртібі.

I. ТЫНДАЛДЫ: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз сөйледі. Ол ҚР Оқу-ағарту министрлігі бекіткен «Педагогикалық әдеп қағидаларының» негізгі талаптарына тоқталды. Педагогтың кәсіби қызметіндегі әдептілік, балалардың құқықтарын қорғау, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынас мәдениеті заң жүзінде бекітілгенін ескертті. Әрбір педагог өзінің лауазымдық міндеттерін адал атқаруы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруы және балабақша беделін түсіретін әрекеттерге жол бермеуі тиіс екені айтылды.

II. ТЫНДАЛДЫ: Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз алды. Ол Әдеп қағидаларының сақталуын қадағалайтын, туындаған даулы мәселелерді қарастыратын ішкі «Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес» (комиссия) құруды ұсынды. Комиссия құрамына тәжірибелі тәрбиешілер мен кәсіподақ өкілдерінен үміткерлер ұсынылды.

Дауыс беру нәтижесі: Бір ауыздан мақұлданды.

Кеңес төрағасы болып: Тоқмаханова Ж сайланды.

III. СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Тәрбиеші Шунгилбай А өз сөзінде балабақшадағы «Адал азамат» тәрбие бағдарламасы аясында педагогтардың өзі балаларға әдептілік пен жауапкершіліктің үлгісі болуы керектігін қолдап, қағидаларды қатаң сақтауға шақырды.


ШЕШІМ: 1. «Педагогикалық әдеп қағидалары» басшылыққа алынсын және барлық педагогтар тарапынан қатаң сақталсын.

2. Балабақшадағы Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің (комиссияның) жаңа құрамы бекітілсін.

3. Әдіскер мен Әдеп кеңесінің төрағасы жыл бойы педагогтардың әдеп нормаларын бұзбауын бақылауда ұстасын.

Төрайымы:  Тоқмаханова Ж

Хатшы:

 Сарсенбаева Г

«ІлкіНұр» балабақшасы» мекемесі

Педагогикалық әдеп қағидалары жөнінде кеңес хаттамасы № 2

Күні: 25.02. 2026 ж.

Төрағасы: Тоқмаханова Ж

Хатшысы: Сарсенбаева Г

Қатысқандар: Педагогикалық ұжым.

Күн тәртібі:

1. Педагогтардың тәрбиеленушілердің ата-аналарымен қарым-қатынасындағы педагогикалық әдеп пен такт мәселелері.
2. Балабақшадағы тәрбиешілер мен көмекшілердің (няня) өзара кәсіби этикасы және бала өмірінің қауіпсіздігі.
3. Әлеуметтік желілерді пайдаланудағы педагог мәртебесі мен әдебі.

I. ТЫҢДАЛДЫ: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша психологы (немесе әдіскері) сөз сөйледі. Ол Педагогикалық әдеп қағидаларына сәйкес, педагог ата-аналармен қарым-қатынаста әрдайым ыпайы, ұстамды және кәсіби болуы керек екенін атап өтті. Ата-аналармен мессенджерлерде (WhatsApp топтарында) сөйлесу мәдениетін сақтау, жұмыс уақытынан тыс уақытта этика шеңберінен шықпау ережелері ескертілді. Баланың жеке басына қатысты ақпараттарды үшінші тұлғаларға жария етпеу (құпиялылықты сақтау) қажеттігі айтылды.

II. ТЫҢДАЛДЫ: Екінші мәселе бойынша Әдеп кеңесінің төрағасы сөз алды. Ол топтардағы тәрбиеші мен тәрбиеші көмекшісінің бірлескен жұмысына талдау жасады. Балалардың көзінше өзара дауыс көтеріп сөйлесуге, балаларға дөрекілік танытуға немесе психологиялық қысым көрсетуге заң бойынша мүлдем тыйым салынғанын және бұл үшін қатаң тәртіптік шаралар (жұмыстан шығаруға дейін) қарастырылғанын еске салды.

III. ТЫҢДАЛДЫ: Тәрбиеші Жанабаева С сөз сөйлеп, педагогтардың әлеуметтік желілердегі (Instagram) жеке парақшаларында педагог мәртебесіне нұқсан келтірмейтін бейнелер мен суреттер жариялауы маңызды екенін, бұл да педагогикалық әдептің бір бөлігі екенін айтты.

ШЕШІМ: 1. Ата-аналармен және балалармен жұмыс істеу кезінде педагогикалық такт пен әдеп ережелерінің сақталуы күшейтілсін.

2. Топ ішінде балаларға қатысты эмоционалдық немесе дөрекі мінез-құлық танытуға жол берілмесін.

3. Педагогтардың әлеуметтік желілердегі этиканы сақтауы бақылауға алынсын.

Төрайымы:  Тоқмаханова Ж

Хатшы:  Сарсенбаева Г